

Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қазандағы N 1060 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1207 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.11.2013 № 1207 қаулысымен.

"Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 қазандағы
N 1060 қаулысымен
бекітілген

Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында әзірленді және донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру тәртібін белгілейді.
K090193

2. Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуді қан мен оның компоненттерін дайындауға,

консервациялауға, өңдеуге, өндіруге, сақтауға және өткізуге лицензиясы бар қан қызметі саласындағы ұйымдардың (бұдан әрі - өтініш беруші) әкетуге рұқсаты болған кезде жүзеге асырылады.

3. Осы Ережені бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру тәртібі

4. Донорлық қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру:

- 1) Қазақстан Республикасында өндірілмейтін қан компоненттері мен препараттарына айырбас жасалған жағдайда;
- 2) Қазақстан Республикасының шетелдегі азаматтарына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін;
- 3) Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге гуманитарлық көмек көрсеткен ретте жол беріледі.

5. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - комиссия) құрамы мен ол туралы ережені бекітеді.

6. Комиссия өтініш берушінің өтінішін 30 күннің ішінде мынадай құжаттар негізінде қарайды:

- 1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес қан қызметі саласындағы ұйым басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның өтініші;
- 2) Қазақстан Республикасында шығарылмайтын қан компоненттері мен препараттарына айырбас жасалған жағдайда өтініш беруші донорлық қан мен оның компоненттерін айырбастауға келісім-шарттың (шарттың) жобасын ұсынады;
- 3) қан мен оның компоненттерін дайындауға, консервациялауға, өңдеуге, өндіруге, сақтауға және өткізуге байланысты қызметке лицензияның көшірмесі;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;
- 5) термооқшаулатқыш контейнерлердің жай-күйі туралы сипаттама.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2013 № 582 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Өтініш беруші ұсынылған мәліметтердің растығына жауапты болады.

8. Өтініш беруші осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттарды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, құжаттар 10 күннің ішінде өтініш берушіге қаралмай қайтарылады.

9. Комиссия оң шешім қабылдағаннан кейін уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен қан мен оның компоненттерін әкетуге рұқсат беру туралы қаулының жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

10. Комиссияның теріс шешімі болған жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіге дәлелді бас тартуды жолдайды.

11. Қазақстан Республикасының Үкіметіне құжаттарды жолдаудан бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) құжаттарда жалған деректерді көрсету;
- 2) көрсетілген құжаттардағы мәліметтердің осы Ереженің 4-тармағының талаптарына сәйкессіздігі.

12. Қан мен оның компоненттерін әкетуге рұқсатты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Донорлық қан мен
оның компоненттерін
Қазақстан Республикасынан
тысқары жерлерге әкетуге
рұқсат беру ережесіне

қосымша

(уәкілетті органның толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

Донорлық қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беруіңізді сұраймын

Ұйым туралы мәлімет:

1. Қан мен оның компоненттерін әкетуге жауапты адамның тегі,
а т ы , ә к е с і н і ң а т ы

2. Жеке куәлігінің немесе паспортының сериясы мен нөмірі _____

(кім және қашан берді)

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік _____

(N, сериясы, кім және қашан берді)

4. Қан мен оның компоненттерін әкету мақсаты _____

5. Әкетілетін қан мен оның компоненттерінің атауы мен салмағы _____

6. Қан мен оның компоненттері әкелінетін мемлекет _____

7. Өтініш беруші заңды тұлғаның мекен-жайы _____

(индексі, облысы, қаласы, көшесі, үйдің N, тел./факс)

8. Қоса беріліп отырған құжаттар:

Басшы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

2 0 0 _ _

ж .

" _ _ "

Өтініш

200 _ _

ж .

" _ _ "

қарауға

қабылданды

(уәкілетті органның жауапты адамының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)